

2008 жылғы аудандық қорғаныс істері бөлімінің шақыру учаскесіне 1991 жылы туған азаматтарды тіркеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімиятының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 6 шешімі. Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 17 қаңтарда N 3-9-59 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 8 шілдедегі N 261 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2009.07.08 N 261 қаулысымен

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери мемлекеттік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабына және "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы" Ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 қаулысын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33, 37 баптарын басшылыққа ала отырып аудан әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жастарды әскери есепке алу, олардың санын әскери қызметке жарактылығын, жалпы білім деңгейі, алған мамандығын және денсаулығы жағынан даярлығын анықтау мақсатында азаматтарды тіркеуге алу жұмыстары жүргізілсін.

2. 1991 жылы туған азаматтарды, сондай-ақ бұрын әр түрлі себептермен тіркелмеген жасы асқан азаматтарды Мұғалжар аудандық қорғаныс істері бөлімінде тіркеу 2008 жылғы 14 қаңтардан бастап 31 наурыз айларына дейін жүргізілсін.

3. Қандыағаш қаласының және жақын орналасқан ауылдық округтерінің азаматтарын тіркеу үшін "Шақыру пункті" болып Мұғалжар аудандық қорғаныс істері бөлімінің ғимараты белгіленсін.

4. Ембі, Жем қалаларының және жақын орналасқан ауылдық округтерінің азаматтарын тіркеу үшін "Шақыру пункті" Ембі қаласының N 18 Кәсіптік-техникалық мектебі болып белгіленсін.

5. "Мұғалжар орталық аудандық" және "Ембі қалалық" ауруханаларының бас дәрігерлері Ж. Төребаев және З. Саркулова (келісімдерімен):

1) Тіркеу кезінде шақырылғандарды дәрігерлік куәландырудан өткізу үшін Қандыағаш және Ембі қалаларының емханаларынан қажетті мөлшерде

тәжірибелі дәрігерлер мен орта буын қызметкерлерін қатыстырсын, соған қатысты қажетті дәрігерлік және шаруашылық мүліктерімен қамтамасыз етсін;

2) Тіркеуге шақырылғандарды флюорографияға түсуін және қан тобын анықтау үшін зерттеу лабораториясынан өткізуін ұйымдастырсын.

6. Аудандық білім бөлімінің бастығы Қ. Назаров тіркеу кезінде анықталған орта білімі жоқ шақырушыларды оқыту үшін жалпы білім беретін мектептерге б е к і т с і н .

7. Мекеме, ұйымдар және оқу орындары (меншік иелігін қарамастан) басшыларынан аудандық қорғаныс істері бөлімінің сұрауы бойынша тіркелу кезінде шақырылатын азаматтарды жұмыстан (оқудан) уақытша босатып, дәрігерлік комиссиядан өтуі үшін көрсетілген уақытта "шақыру пункттеріне" келулерін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Тіркелуге тиісті азаматтарды қосымшада көрсетілген қажетті құжаттарымен т о л ы қ қ а м т а м а с ы з е т с і н .

8. Аудандық ішкі істер бөлімі бастығы Б. Телибеков (келісімімен):

1) Тіркеу жөніндегі комиссияларының жұмыс барысында "тіркеу пункттерінде" және "Мұғалжар орталық аудандық" және "Ембі қалалық" ауруханаларының ғимараттарында қоғамдық тәртіптегі сақтау қамтамасыз етсін;

2) Тіркеу кезінде қашып жүрген азаматтарды іздеу салуға көмек көрсетсін;

3) Жем қаласынан және ауылдық округтершенен "Тіркеу пункттеріне" шақырылғандарға учаскелік полиция инспекторлары еріп жүруі қамтамасыз е т с і н .

9. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді қамтамасыз ету үшін Мұғалжар аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы Ғ. Асқаров қ а р ж ы л а н д ы р у д ы қ а р а с т ы р с ы н .

10. Аудандағы телекоммуникация торабы А. Жиенбаев (келісімімен) азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді қамтамасыз ету үшін аудандық қорғаныс істері бөлімінің Ембі, Жем қалаларымен ауылдық округтерімен үзіліссіз б а й л а н ы с ы н қ а м т а м а с ы з е т у с ұ р а л с ы н .

11. Мұғалжар электр жүйесі кәсіпорыны (П. Хохлов келісімімен) Мұғалжар аудандық қорғаныс істері бөлімінің ғимаратына 2008 жылдың 14 қаңтар 31 наурыз аралығында электр қуатын үзіліссіз берілуін қамтамасыз етсін.

12. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін аудандық қорғаныс істері бөлімінің бастығы Д. Танкиев осы шешімнің орындалу қорытындысы б о й ы н ш а а у д а н ә к і м і н е х а б а р л а с ы н .

13. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Қ ұ р м а ш е в қ а ж ү к т е л с і н .

14. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа 10 күннен кейін енгізіледі.

Аудан Әкімі

С. Шаңғұтов

А у д а н

ә к і м і н і ң

2007

ж ы л ғ ы

21

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

6

ш е ш і м і н е

ҚОСЫМША

Жас өспірімдер жеке іс қағаздарын жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізімі

1. Туу туралы куәліктің көшірмесі
2. Білім туралы құжаттардың көшірмесі
3. Оқу орнынан (жұмыстан) анықтама
4. М і н е з д е м е (2 д а н а)
5. Тұрғылықты орнынан және жанұя жағдайы туралы анықтама
6. Ф о т о с у р е т 3 x 4 , (4 д а н а)
7. Үлгідегі "№ 6" егілу картасы